ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 23 қазан № 4712-24-00-2/3531 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.О.Метеркулова,
сот отырысының хатшысы А.Жауханованың қатысуымен,
ашық сот отырысында, қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Мусстройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Шартты бұзу
2. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылы 15 қаңтарда «Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-тапсырыс беруші) теңгеріміндегі ғимаратқа «Қасбеттер мен шыны қасбеттерді тазалау және жуу қызметтерін» жүргізуге «Мусстройсервис» ЖШС-мен (бұдан әрі-өнім беруші) көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №240008/00 шарт жасалған.

Шарттың 1.1. тармағына сай, өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және шарт

бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартындатөлеуге міндеттенеді.

Шарттың жалпы сомасы 1 799 999 теңгені құрайда.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, қызметтерді көрсету мерзімі шарт күшінеенген күннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың 8.1. тармағына шарт аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсан айына дейін қолданылады.

Шарттың қосымша сипатамасында - Қасбеттер мен шыны қасбеттерді тазалау және ғимараттың терезелерін жуу қызметтері.

Өнім беруші техникалық ерекшеліктеріне сәйкес барлығы – 3387 ш/м - кілемдер мен кілем төсеніштерін химиялық тазарту, қолданыстағы тазарту технологиясы бойынша жүзеге асуы тиіс. Кілемдер мен кілем төсеніштерін химиялық тазартуға қолданылатын синтетикалық жуғыш ұнтақтары мен басқа да жуғыш құралдары сертификатталған болуы тиіс. Мата түрлеріне қарай алынуы тиіс және қолданыстағы стандарттың талаптарына сай болуы тиіс. Кілемдер мен кілем төсеніштерін тазарту кәсіби құрал-жабдықта жүзеге асуы тиіс. Таза кілемдер мен кілем төсеніштерінде тазалағанда қолданатын сабын, синтетикалық ұнтақ және басқа да жуғыш құралдарының қалдықтары қалмауы тиіс. Кейбір кілемдер мен кілем төсеніштерінің мөлшері үлкен болғандықтан тазарту қызметтері өз орнында тапсырыс берушінің талабы бойынша жабдықпен арнайы тазалау құралдарын пайдалану арқылы, ал қалғаны стационарлық құралдармен тазалануы керек. Кілемдер мен кілем төсеніштерін жеткізу бойынша барлық көлік шығындарын жабдықтаушы өтеуі қажет. Жабдықты пайдалану арқылы кілемдер мен кілем төсеніштерін 1 сағатта бір шаршы метрді химиялық тазарту керек. Қызмет көрсеткеннен кейін қандай да бір ластанулар (дақтар, шаңдар) анықталған жағдайда, өнім беруші бір жұмыс күні ішінде анықталған ластануларды (дақтар, шаңдар) жоюға міндеттелген.

Талап қоюшы жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамағанын, жуылуға берілген кілемдер бір айға жуық уақыттан кейін әкелінгенін, оның өзі таза жуылмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және шартты бұзуды сұраған.

Жауапкер талап қоюды толығымен мойындап, ол турады жазбаша арыз жолдады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады.

Талап қоюшы өкілі талапты толығымен қолдап, істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 6-бөлігін басшылыққа алып тараптардың қатысуынсыз қарады.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 25.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 27.11.2024

4712-24-3-1/3274

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

АК-нің 401-бабының 1,2 тармағына сай, егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін орындамауы шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Талап қоюшы сотқа жүгінбестен бұрын жауапкерге шарттың бұзылатыны туралы алдын-ала хабарлама берген. Алайда жауапкерден жауап түспеген.

Сондықтан сотқа жүгінген.

Жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемесін орындамауы осы шартты бұзуға негіз болып табылады және тараптар арасында 2024 жылы 15 қаңтарда жасалған №240012/00 көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты бұзылуға, талап қою қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 683-бабының талабына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Сотта анықталғаны, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Шарт бойынша міндеттемесін орындамау, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасымен қамтылған салдарға әкеледі.

Осы Заңның талабына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 25.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 27.11.2024

шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің талап қоюшы алдындағы міндеттемесінің орындалмағандығы тараптар арасындағы шартпен, жұмыстың атқарылғанын растайтын құжаттардың жоқтығымен дәлелденеді.

Мұндай жағдайда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің -171-бабының 1,2-бөліктеріне сәйкес жауапкер сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарға жазбаша арыз беру арқылы талап қоюды толық немесе оның бір бөлігін мойындауға құқылы.

Жауапкердің талап қоюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады.

Жауапкер талап қоюшының талабын толықтай мойындады, ол туралы сотқа жазбаша арыз жолдады. Өз кезегінде жауапкердің талап қоюды мойындауы сотпен қабылданды.

Істің бұл тұрғысында, сот, талап қоюшының талабы толығымен қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігінің талабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 3692 теңге мемлекеттік баж алымы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Мусстройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 2024 жылы 15 қаңтарда жасалған №240008/00 көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты бұзылсын.

«Мусстройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Мусстройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 3692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 25.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 27.11.2024
4712-24-3-1/3274

ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылы 25 қазанда дайындалды

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 25.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 27.11.2024

4712-24-3-1/3274